

2021 жылғы "3" маусымдағы "№1 Успен ЖОББМ"
КММ Қамқоршылық кеңесінің № 7 отырысының хаттамасынан үзінді

Қатысқандар:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Придатко Елена Викторовна
2. Лисицина Валентина Викторовна, ата-ана, "Балдырған" БЭО қосымша білім беру педагогы, төрайымы
3. Кисабаева Динара Иманғалиевна, "Успен ауданы әкімінің аппараты" ММ мемлекеттік-құқықтық бөлімінің басшысы
4. Нурманов Бауржан Аскебаевич, Успен ауданының полиция бөлімінің қызметкері
5. Кирьяченко Татьяна Юрьевна, "Балапан" балабақшасы, педагог-психолог
6. Дзишко Виктория Николаевна, ата-ана, УЖІ
7. Мукенова Галия Мухаметвахитовна, ата-ана, "ҚР АШМ АӨК Өспен аудандық аумақтық инспекциясы" ММ, бас инспектор, өсімдіктер карантині жөніндегі маман
8. Василевич Людмила Николаевна, ата-ана, үй шаруасымен айналысады
9. Пашковская Наталья Васильевна, ата-ана, Успен ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі
10. Кабиева Алия Жанбатыровна, ата-ана, Успен ОАА, тіркеу орны

Күн тәртібі

1. Мектеп жанындағы лагерьде демалуға тегін жолдама алуға ата-аналар ұсынған құжаттарды қарау.

1. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е.В. Придатко тыңдалды, ол қатысушыларға "Мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын және ағымдағы қаржы тоқсанына 33639 теңге мөлшерінде республикалық ең төмен күнкөріс деңгейін жеткізді. Бұдан әрі мектеп жанындағы лагерьге тегін жолдамалармен қамтамасыз етілетін оқушылар мен тәрбиеленушілердің тізіміне балаларды қосу мәселесі бойынша, сондай-ақ отбасының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексеру актілері бойынша мектеп ата-анасының келіп түскен өтініштерімен таныстырды.

Шешім: 1. Отбасының табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болуына байланысты "№1 Успен ЖОББМ" КММ мектеп жанындағы сауықтыру лагеріне екі оқушыға тегін жолдамалар берілсін.

Мектеп директоры *Ж. Жакупова* К. Жакупова